

БЕКІТІЛДІ:

**Астана қаласы әкімдігінің
«Мамандандырылған балалар үйі»
КММ директорының бұйрығымен**

« » « » 2025 жыл

№



**Астана қаласы әкімдігінің
«Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

Астана, 2025 жыл

1. Жалпы ережелер

Астана қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" КММ (бұдан әрі – «Балалар үйі/Мекеме») сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осы саясаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

Осы Саясаттың мақсаты балалар үйі қызметкерлерінің, сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін және өз міндеттерін орындау кезінде адалдық пен шыншылдық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

Балалар үйінің қызметкерлері – Балалар үйінің медициналық, әкімшілік және басқару персоналынан және инженерлік-техникалық персоналынан мекемемен еңбек қатынастарында тұрған кез келген жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - Балалар үйі лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шегінде қызметі:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және ары қарай жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

- сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың салдарын жою (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

Сыбайлас жемқорлық стандарттары - сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Мекеменің қызметіне белгіленген ұсынымдар жүйесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - балалар үйінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі.

Мүдделер қақтығысы - Лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте бұл адамдардың жеке мүдделері олардың қызметтік өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі мекеменің қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

1. Саясат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай саясатты жүзеге асыру;
- Балалар үйінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында сыбайлас

жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

- Балалар үйінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тартылу қаупін барынша азайту;

- осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын барынша азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;

- Балалар үйінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Мекеменің қызметін реттейтін ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға тәрбиелеу;

- Мекеменің ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;

- жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

2. Ереже медициналық, әкімшілік-басқару персоналынан және инженерлік-техникалық персоналдан, олардың лауазымына, атқаратын функцияларына және жұмыс істеу мерзіміне қарамастан, Балалар үйінің қызметкерлеріне қолданылатын жалпыға бірдей міндетті нормалар мен ережелерден тұрады.

4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін Мекеме қызметінің бағыттары.

1) сыйлықтар және қонақжайлылық шығындары;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;

3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер;

4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

5) Балалар үйінің қызметі шеңберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу;

6) Персоналды басқаруда;

7) ішкі құжаттардың қаржылық және заңгерлік сараптамасы.

4. Мекеме қызметкерлеріне қандай да бір сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлылық/қонақжайлылық белгілерін ұсынуға, уәде беруге, беруге, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады:

- Балалар үйінің қызметін қолдауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдерге таңдаулы әсер ету немесе қандай да бір артықшылықтар немесе пайда алу мақсатында тікелей немесе жанама мақсат қою, егер бұл әрекеттерсіз пайдалы салдардың басталуы шындыққа сәйкес келмейтін болып көрінсе;

- Мекеме атынан емес, қызметкердің атынан беріледі;

- сыйлықтар немесе қонақжайлық шығыстар немесе қонақжайлылық туралы

ақпарат ашылған жағдайда, мекеме мен оның қызметкерлері үшін беделді немесе өзге де қауіп туғызады;

- қолма-қол немесе қолма-қол емес ақшалар, бағалы қағаздар, бағалы металдар немесе ақшаның және/немесе сәнді заттардың басқа түрлері немесе баламалары;

- зат, баға және нақты жағдай тұрғысынан ақылға қонымсыз.

5. Мекеме жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Балалар үйіндегі лауазымды тұлға немесе қызметкер мекеменің тікелей басшысымен немесе қауіпсіздік бөлімшесінің басшысымен кеңесуі керек.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту.

6. Мекеме үшінші тұлғаларды тартудан және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе мекеме үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан бас тартады. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған балалар үйінің тиісті құрылымдық бөлімшелері келесі шараларды қолдану қажет:

- Мекеме қызметінің бағыттарын реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген рәсімдерді қатаң сақтауды;

- бірлескен жобалардағы серіктестер туралы олардың қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың ықтимал көріністері туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты келесі рәсімдер арқылы жинау:

- а) өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуы туралы мәліметтер алу, серіктестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайындығы;

- б) іскерлік беделділігін және мүдделер қақтығысының жоқтығын тексеру;

- в) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің болуы тұрғысынан мәліметтер алу.

7. Кәсіпорын бірлескен жобалар бойынша олардың тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жағдайда, үшінші тұлғалармен және серіктестермен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

8. Бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді осы саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар ету.

9. Мекеме үшінші тұлғалар мен серіктестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын бірлескен жобалар бойынша қабылдауын күптайды.

6. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға төлемдер.

10. Мекеме өз бетінше немесе оның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары

арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, олардың жақын туыстарына Балалар үйі үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында ешқандай шығындарды төлемейді, оның ішінде көлікке, тұруға, тамақтануға, ойын-сауыққа, PR кампанияларына және т.б. немесе олардың Мекеме есебінен басқа да жеңілдіктер алуына.

11. Балалар үйінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

7. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

12. Кәсіпорын мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама мақсатта немесе мұндай көмек объективті түрде осындай әсер ету әрекеті ретінде қабылдануы мүмкін болса, қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Мекеменің қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге жұмсаған шығыстары туралы ақпарат ашық болуға тиіс.

Мекеме лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

8. Балалар үйінің қызметі шеңберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу.

13. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және өткізу кезінде тек қана Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

14. Сатып алуға жұмсалған қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалану, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) өзі тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

9. Персоналды басқару.

15. Кәсіпорын кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік пен әділдік қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді қабылдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Мекеме:

- кадрларды іріктеу мен қабылдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға сәйкес біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;
- еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға

дейін жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

- өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігіне қарай персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

- қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін ескере отырып, жоғары лауазымға көтеру туралы шешім қабылдайды;

- ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

16. Лауазымды тұлғалар лауазымға тағайындалған немесе Балалар үйімен еңбек қатынастарын жалғастырған кезде, осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім беру түріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

17. Мекеменің лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы қызметке қабылдаудан бас тартуға немесе қызметтен босатуға әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда оларды орындамау өкілеттіктерді тоқтатуға негіз болып табылады.

10. Ішкі құжаттардың қаржылық және заңгерлік сараптамасы.

18. Балалар үйінің ішкі нормативтік құжаттарына қаржылық-құқықтық сараптама, оның ішінде, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын (сыбайлас жемқорлық факторларын) жасауға ықпал ететін ережелердің бар-жоғын анықтау және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу үшін бекітуге ұсынылған ішкі нормативтік құжаттардың жобалары.

11. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі.

19. Балалар үйінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері міндетті:

- мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу шараларын қабылдау.

- қызметтік міндеттерін орындау кезінде Мекеменің мүдделерін басшылыққа алады және олардың жеке мүдделері Балалар үйінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан аулақ болу керек. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда (немесе оның туындау мүмкіндігі) бұл ақпаратты жазбаша түрде мекеменің тікелей басшысына немесе жоғары басшылығына жеткізу керек.

20. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын Балалар үйі қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгертуден, ол белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетілгенге және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартқанға дейін тұруы мүмкін.

12. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттер туралы хабарлама

21. Егер Балалар үйінің лауазымды адамы немесе қызметкері тарапынан мекемеде сыбайлас жемқорлық әрекет орын алғаны туралы дәлелдер болса, бұл туралы дереу тікелей немесе жоғары тұрған басшыға хабарлау керек.

22. Балалар үйінің қызметкерлері басқа қызметкерді, сондай-ақ үшінші тұлғаны сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға итермелеу фактілері анықталған және/немесе қызметкердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға бейімділігіне қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы мәліметтер болған жағдайда дереу өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына хабарлауға міндетті.

13. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу

23. Балалар үйіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар тексеріледі немесе мекеменің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қызметтік тексеру жүргізіледі..

24. Егер қызметтік тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, еңбек қатынастары және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейінгі сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын қабылдау тергеудің аяқталуы болып саналады.

14. Жауапкершілік

25. Балалар үйінің қызметкерлері осы Саясат талаптарының қатаң сақталуына жауапты.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған мекеменің лауазымды адамдары мен қызметкерлері, Қазақстан Республикасының соттың заңды күшіне енген шешімін қоспағанда, Мекемеге келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

26. Саясат талаптарын бұзу Балалар үйі қызметкерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылуы және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін.

27. Саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

28. Балалар үйінің қызметкерлері осы Саясатқа 3-қосымшада көзделген нысан бойынша осы Саясатты адал ұстануға өздерінің міндеттемелерін растауға міндетті.

15. Қорытынды ережелер

29. Осы Саясаттың күшіне ену күні мекеме директорының Ережені бекіткен күні болып табылады.

30. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертуге жатады. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Мекеме директоры бекітеді.